

"Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 10 қазандағы N 294-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған»"Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

1 0

қ а з а н д а ғ ы

N

2 9 4 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

**"Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы"
Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі
Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет
нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

Р/с N	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындау мерзімі	Орындалуы үшін жауапты мемлекет- тік орган
1	2	3	4	5
1	Адам өмірі мен денсаулығына және жануарларға, қоршаған ортаға қауіп төндіретін қауіпті тамақ өнімдерін жою және кәдеге жарату ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы қазан	ДСМ
2	Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалануға тиісті	Қазақстан Республи-		ДСМ

	тамақ өнімдерін байыту (фортификациялау) ережесін бекіту туралы	қ а с ы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы қазан	
3	Өндіріс объектілеріне есептік нөмірлер беру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республи- к а с ы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы қазан	А Ш М (жинақ- тау), ДСМ
4	Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналымы, кәдеге жарату және жою процестерінің (сатыларының) сәйкестігін, әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналымы, кәдеге жарату және жою кезінде пайдаланылатын машиналар мен жабдықтардың, материалдар мен бұйымдардың сәйкестігін уәкілетті органдардың келісуі ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республи- к а с ы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы қазан	А Ш М (жинақ- тау), ДСМ
5	Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналымы, кәдеге жарату және жою процестеріндегі (сатыларындағы) олардың сәйкестігін, тамақ өнімдерін әзірлеу (жасау), өндіру (дайындау), айналымы, кәдеге жарату және жою процестерінің (сатыларының) сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республи- к а с ы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы қазан	Д С М (жинақ- тау), АШМ
6	Генетикалық түрлендірілген объектілердің қауіпсіздігін ғылыми негізде растау жөніндегі жұмыстар жүргізу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республи- к а с ы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы қазан	ДСМ
7	Генетикалық түрлендірілген объектілер айналымы ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республи- к а с ы		ДСМ

		Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы қазан	
8	Мемлекеттік тиісті тамақ өнімдерін әкелу (импорттау) бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы қазан	А Ш М (жинақтау), ДСМ
9	Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет өндірілетін (дайындалатын) және алғаш рет әкелінетін (импортталатын) азықтарды және азық қоспаларын мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы қазан	АШМ
10	Тамаққа биологиялық активті қоспалардың қауіпсіздігін ғылыми негізделген растау жөнінде жұмыстар жүргізу ережесін бекіту туралы	Бұйрық	2007 жылғы қазан	ДСМ
11	Курортология ғылыми орталықтарының табиғи минералды суларды пайдалануға бальнеологиялық қорытындылар беруі ережесін бекіту туралы	Бұйрық	2007 жылғы қазан	ДСМ
12	Тамаққа биологиялық активті қоспалардың айналымы ережесін бекіту туралы	Бұйрық	2007 жылғы қазан	ДСМ
13	Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін айқындау бойынша оларға ветеринарлық-санитарлық сараптама жүргізу тәртібін бекіту туралы	Бұйрық	2007 жылғы қазан	АШМ
14	"Жеке және заңды тұлғалар ұсынған жаңа жетілдірілген ветеринариялық препараттардың ғылыми-техникалық құжаттарына келісімі бойынша нұсқаулықты бекіту туралы"» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 3 наурыздағы N 105 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Бұйрық	2007 жылғы қазан	АШМ
15	Тамақ өнімдерін өндіру және сақтау объектілеріне, ішкі сауда объектілеріне және	Бұйрық		ДСМ

	көлік құралдарына санитарлық паспорттар беру, есепке алу және жүргізу ережесін бекіту туралы		2007 жылғы қазан	
16	"Санитарлық-эпидемиологиялық сараптауды өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 14 қарашаданғы N 841 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Бұйрық	2007 жылғы қазан	ДСМ

Е с к е р т п е

:

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
 АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК